

**«Билікөл бөбекжай - балабақшасы» МКҚК
Қамқоршылық кеңестің отырысы**

Хаттама №1

Өткізілген күні: қыркүйек айы 2024ж.

Өткізілген орны: «Билікөл» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: 9 адам

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Найман Данна Бауыржанқызы, Көлбаева Жансулу Агадиловна, Манат Салтанат Талғатқызы, Сапарбеков Даурен Турысбекович, Әлібай Мадина Кеңесқызы, Жұмабай Аяғоз Мейрханқызы, Берікбай Самал Ерболқызы.

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамын құру.
2. Кеңес мүшелерінің сайлау.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Р.С.Танкибаева балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті. Балабақшадағы құрылып отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне әрбір параллель топтан бір ата-ана, Жуалы ауданы Билікөл дәрігерлік амбулаториясының Аға дәрігері Көлбаева Жансулу Агадиловна, жергілікті атқарушы органдардың өкілінен Билікөл ауылдық округі әкімі аппаратында бас маманы Сапарбеков Даурен Турысбекович, Қарабастау ауылдық кітапханасының әдіскері Манат Салтанат Талғатқызы, Жуалы ауданы Билікөл дәрігерлік амбулаториясының зертхана медбикелері Найман Данна Бауыржанқызы, Берікбай Самал Ерболқызы, Кәсіпкер Жұмабай Аяғоз Мейрханқызы барлығы жеті адам келісім беріп отырғанын айтты. Жоғарыда атап өткен үлгілік қағидаға сәйкес Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен балабақша әдіскері Т.Б.Акишева таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төрайым және төрайымының орынбасары сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, Қамқоршылық кеңесінің төрайымына А.Ж. Көлбаеваны төрайымының орынбасарына Т.С. Манатты ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша әдіскері Т.Б.Акишева тағайындалды.


Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды, меңгеруші Р.С.Танкибаева қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2024 жылдың қыркүйек айынан 2025 жылдың мамыр айына дейін төрт отырыс өткізіледі деп шешті. Келесі отырыста балабақшадағы мектепке дейінгі білім беру мекемесінің қызметін жетілдіру бойынша мәселелерді талқылау, балалардың денсаулығын сақтау үшін жағдайлар жасау, балабақшадағы балаларға берілетін тағамның сапасына мониторинг жүргізу, қамқоршылар үшін анық есік күнін ұйымдастыру, жазғы сауықтыру мерізіміндегі шынықтыру шараларымен таныстыру, қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.





Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсынысы бойынша төрайымы болып Көлбаева Жансұлу төрайымының орынбасары Манат Салтанат сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  Ж.А.Көлбаева

Хатшы:  Т.Б.Акишева

Мүшелері:

	Б.Д. Найман
	Д.Т.Сапарбеков
	М.Қ.Әлібай
	А.Ж.Жұмабай
	С.Е.Берікбай